



БҰЙРЫҚ

13 мамыр 2026 жыл
Ткенекті ауылы

ПРИКАЗ

№ 45
село Ткенекты

2026 жылғы жазғы каникул кезеңінде
балалардың демалысын, сауықтырылуын
және бос уақытын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік процедуралық-процесстік іс-жүргізу кодексінің» 2 бөлімі 7-тарауының 37, 41, 42-баптарына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер туралы» 14-тарауына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген 2022 жылғы 10 тамыздағы №ҚР ДСМ 78 «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын (бұдан әрі – санитариялық қағидалар), «2024-2026 жылдарға арналған жазғы каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» және Нұра ауданы білім бөлімінің 2026 жылғы 8 мамырдағы №283 бұйрығын орындау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сарыөзен негізгі орта мектебі жанынан тамақтандыратын күндізгі жазғы сауықтыру лагерінің жұмысы 1 ауысымда: 2026 жылғы 1 маусым мен 22 маусым аралығында ұйымдастырылсын.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жағдайлар жасау және лагерьді пайдалануға дайындығын қабылдау жөніндегі мектепшілік комиссия құрылсын.
3. Бірінші кезекте көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларының демалысы мен сауықтырылуы тегін қамтамасыз етілсін.
4. Лагерь жетекшісі (А.Г.Исламова):
 - 2026 жылғы жазғы каникул кезеңіндегі іс-шаралар жоспарын бекітуге ұсынсын;
 - Әр кезеңнің соңында оқушылардың демалысы мен сауықтырылу барысы туралы мәтіндік ақпаратты мектеп әкімшілігіне тапсырсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры

М.Е. Байжуманова

М.Е. Байжуманова

Бұйрықпен таныстым
А.Г. Исламова
А.Г. Исламова